

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

КАВПОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. С.ТОРАЙГЫРОВА



3'2003



ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

УДК 070:811.512.122 (574)

ҚАЗАҚҚА ӨГЕЙ ҚАЗАҚ ТІЛІ

К. Мара

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мақалада «Жас Алаш» газетінде шыққан қазақ тілі жайлы жазылған мақалалардың біразына тоқпаланып, мемлекеттік тілдің мәртебесін өсірудегі газет ролі сөз етіледі.

В статье поднимается вопрос о нескольких статьях газеты «Жас Алаш» затрагивающие тему казахского языка, о роли газеты в росте и становлении статуса государственного языка.

In article the question on several articles of the newspaper «Shas Alash» touching a theme of the Kazakh language, about role of the newspaper in growth of the state language rises

«Жас Алаш» газетінің қоғам, ұлт өміріндегі маңызды тақырыптарының бірі - мемлекеттік тіл мәртебесі мен беделін көтеру. Осы тақырып аясында газет бетінде 1997-1998 жылдары 120-ға жуық мақала-хабарлар жарық көрді.

Соның бірысырасы – «Ата заңда мәртебесі бекітілген қазақтың тілі мемлекеттік биліктің тармағында өз сатысында тұр ма?» – деген сықылды уәжбен түйінделеді. Мәселеге бұлай келудің өзіндік себептері бар. Қазақ тілін меңсінбейтін, оның тағдырына алаңдамайтын қазақ басшыларының біркатар шешуші жерлерде билік басында отыруы алға қойылған мақсатты жүзеге асыруға бөгет жасады. Заң жобалары орыс тілінде жасалып, мемлекеттік тілге сосын аударылды. Бұл заңдардың, қаулы-қарарлардың мазмұнсыздығына әкелді. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алса да қаптаған министрліктердің босағасынан әрі бара алмай тұр.

Осы жайларды сипаттайтын «Жас Алаштағы» мақалалардың бірінде былай дейді: «Қазақ тілі- мемлекеттік дәрежеге ешқашан көтерілген жоқ. Және дәл бүгінгідей тірлікпен ешқашан көтерілмейді де. Өз жерінде өзі қағажу көрген тіл баяғыда басынан бақ тайған ауыл-аймақта қалып бара жатыр. Ал біздің шенеуніктер «тер сасыған» шекпен тілінде емес, шең тілінде сөйлейді»

Күндердің күні орыс тілінен құтыла қалсақ, оның орнын ағылшын тілі алмастыратыны ешкімнің басын аурытпайды».[5] Мақалада талайды мазалап жүрген жайлар ашына жазылған. Автор «балық басынан шірди» деген халық даналығын меңзейді.

Тарихтан белгілі мемлекет басындағы басшы топтың ұлтжандылығы, халықтың белсенділік қуатын арттырып отырған.

Ал, бүгінгі билік басындағы топтың кәсіби деңгейі жоғары болса да ұлттық ерекшелігі – тіліне немқұрайлылығы ұлттық сана-сезімнің төмендігін көрсетпей

ме? Міне, мақала түйіні сонда ұлт тағдырын кімнің қолына сеніп тапсыруға болады?— легенді алға тартады. Тағы да «Біздің қоғамда қазақ тілділердің құқығынан орыс тілділердің құқығы көбірек қорғалады. Жергілікті ұлттың жекелеген көзқарасын сыйламау - жазылмайтын заңдылыққа айналған»- делінген. [5]

Ащы да болса, бүкпесіз шындық.

Ата заңнан бастап көпұлттық мүддені қоздеген, Қазақстанда өмір сүріп жатқан 100-ден астам халықты бірден жарылқамақ ниеттегі саясаттың көлеңкесінде жергілікті халық құқығы қақпайлана берді. «Тіл туралы» Заңдағы орыс тіліне ресми мәртебе берілуі жергілікті халық тілінің екінші дәрежелі тіл есебінде қалып қоюына әкеп соқтырды.

Міне осындай келеңсіздіктің орын алуы әр кез күрделі мәселелердің шешімін табуға ұйытқы болған жастар басылымын бей-жай қалдыра алмады.

Автор ойын осылайша түйіндейді: «Әлі бізде ұлттық идеология жоқ. Ол неге жоқ. Себебі біздің идеологияны жасайтындар - «Өзге ұлттар» немесе өзіпін қазақ болып жаратылғанына намыстанатындар, қазақша білмейтіндер. Турасын айтсақ, ұлт тағдырының саяси сатқындары.»[5]

Ұлттық мазмұны, ұлтық рухы, ұлттық иісі аңқыған, мемлекеттік тілі өз топырағында үстемдік құрған Қазақ мемлекетін армандаған жанның жанайқайы.

Бүгінде Қазақ ұлтының үміті біресе үзіліп, біресе жалғанып келеді. Үмітін жалғануы, қазақ ұлтының жаңа мыңжылдықтың табалдырығына аман есен жеткендігі. Оған дәлел БҰҰ алдында қазақ рухын асқақтата желбіреген көкбайрағы.

Ал күдігі не десек, тағы да тіл тағдырына келіп тіреледі.

Көптеген ғалымдар еңбектерінде тілді жоғалтуды ұлттық ерекшелікті жоғалту деп бағалайды. Кез келген отарлаушы ел өзі басып алған колониясында қандай бір болмасын қолтаңбасын қалдырмай қоймайды. Ағылшындарда Үндістаннан кеткенімен тілін қалдырды, алайда мәдениетіне елеулі өзгеріс енгізе алмады.

Өйткені, олардың ежелгі күшті үнді мәдениеті болды және халқы көп. [4]

Ал біздің ең үлкен байлығымыз тіліміз еді. Бірақ, оның өзі қоғамда өз дәрежесіне сай орын алған жоқ. Сондықтан да, «Жас Алаш» газеті ұлттық мұратқа жету мақсатындағы ойларын ешкімнен қаймықпай, ашық айтуды мақсат тұтты.

Ұлттық Рухтан ада, «билік басына кездейсоқ келгендерді», «Қаржы министрі қайда тығылды», «Төраға түзелмей, тіл түзелмейді», «Мемлекеттік тілді менсінбейтін министр» т.б. ұдайы сынға алып отырды. Естір құлақ болса, айтылмаған сөз қалған жоқ. Сонымен бұдан шығар қорытынды қандай? Ата заңда мемлекеттік мәртебесі бекітілген қазақ тілі мемлекеттік биліктің тармағында өз сатысында тұр ма?

Әрине, тұрған жоқ екендігін қынжыла мойындаймыз. «Жас Алаш» газетінің бұл мәселеге баса назар аударудағы мақсаты: біріншіден, ұлт басшылығына

мемлекеттік тұрғыдан ойлап, елдік биліктен екшейтін басшыларды іріктеп, өз мүддесінің жолында «тіл», «ел», «жер» мәселелерін құрбан етегін жемқорлардан құзырлы орынды тазарту.

Екіншіден, әр қазақтың қанында ұялап жатқан ұлттық сезімін түртіп ояту, үшіншіден, ұлттың өз мүддесін қорғамаса құлдырауы ғажап емес екендігін көпшілік көкейіне жеткізу.

Яғни, ұлт элитасының ұлт мүддесін көздеуін талап етті.

1997-1999 жылдары «Жас Алаш» газетінде тіл мәселесіне арналған мақалалары көркемдік таным-білік жағынан да, тарихи түсінік жағынан да тереңдей берді.

Тіл туралы жалпы мәселелер кейде баяндама түрінде, мақала, хабар, сараптама түрінде көрініс береді. Тіл туралы тарих үнімен ұштастыру да кездеседі.

«20-ғасыр: Қазақ рухының қорғандары қазақ тілі туралы пікір» деген атпен Міржақып Дулатов, Бауыржан Момышұлы, Ғабит Мүсірепов т.б. ұлт зиялыларының тіл туралы ойларын жариялап тұрды.

Сондай-ақ, газетте жазылған, айтылған пікірлер жалғасын табуы үлкен абырой.

«Баспасөз бетінде қоғамдық және мемлекеттік мәні бар мәселе көтеру үшін тек журналистік сезімталдық жеткіліксіз.

Ең алдымен, факт табиғатын оның қоғамдағы алатын орнын, фактілердің дара байланысын, жалпы себебі мен салдарын болжай да сезе білу»[2].

«Жас Алаштағы» жарияланымдардың көңілге қонымды факт-деректерді пайдалана білуі, мақал-мәтелдердің қолданылуы, тіл жатықтығы, ой оралымдылығы, жаңа тың әдістерді таба білуі өзекті мәселелерді көтеруде халық қолдауына не болды.

Газетте көтерілген мәселелердің нәтижесі де жоқ емес «Жас Алаштағы» «Тобыл жеріндегі тіл тағдыры» атты мақалада егжей-тегжейлі топталып, орын алып отырған келесі мәселелер көрсетілген. Мұнда облыстық тіл басқармасының негізсіз таратылып кеткендігі сынға алынған. Облыс басшылары республикадағы бетке ұстар іргелі басылымның орынды сынынан дұрыс қорытынды шығарып, жаңадан тіл және дін жөніндегі облыстық басқармасын құрды.

Тілдегі келесі бір маңызды мәселе - орфографиялық заңдылықтарды сақтау. «Жас Алаштағы» «Сөз сыры» осы мүддені көздеген. Тілмізде үндестік заңына байланысты айтылатын сөздер баспасөз беттерінде дәл солай (айтылуы бойынша) қолданылып жүр (мысалы, күсап-үксап). Мұндай қателіктерді қадағалап отырмаса түсіндірме сөздіктерге еніп кетуі мүмкін.

Бұл тілдің береkesі кетіп, құнсыздануына әкеледі.

Басылым бетінен соңғы уақытта жарық көріп жүрген «Мүңкір заманның жұпар тілі» атты мақалада: «Егер тіл жарықтықты біз «адамдардың қарым-қатынас

кұралы» дейтін түсінікпен ғана бағаласак онда әр халық өз ана тілі үшін несіне жан алыса - жан берісе, ұдайы арпалысады да жатады. Адамдар үшін «қарым қатынас құралы» ретінде, қай тіл болса да бөрібір емес пе? Мәселен, мына біз орыс халқының еліміздегі сансыз өкілдеріне тұрмақ төл мәдениетіміздің өзіне де күн өткен сайын мүлде қажетсіз болып бара жатқан қазақ тілін тастап, өлемнің ақшасы алпауыттарының көмейінде бүлкілдеген ағылшын тіліне неге біржола көшіп алмаймыз? Ол да «қарым-қатынас құралы» емес пе? Бірақ олай десек, аруақ қарғысына ұшырауымыз сөзсіз» [3] - дей отырып тілді халықтың төл Ақыл-есі, Аруағы, Тегі, Дүниетанымымен байланыстыра отырып, өзіне ғана тән Исi бар халықтың «қолдап-қорғаушысы», яғни адамзат болмысымен тұтастыра сипаттайды.

Оған себеп тіл атауларының қоғам, ұлт-ұлыс өміріндегі орасан зор маңызында жатыр. Ендеше жоғарыда айтылғандай Тіл - адам қатынасының аса маңызды құралы –деп пайымдай салу жеткілікті ме? Жоқ. Бұл жерде бұрыннан айтылып келе жатқан кейбір қадау-қадау қағида ойларды қайталауға тура келеді. Тіл - халықтың жан - жүрегі, оның күллі рухани-имандылық, табиғи-құлықтық ырыс-игіліктерінің негізі. Тіл - асыл мұра, көненің көзі, бабалар сөзі ғана емес, халықтың өзі. Тіл бар жерде халық бар.

Осы мақалада: «Еліміздің кешелі - бүгінгі тартып отырған барша тақсіреті мен көріп отырған күллі қасіреті де Мүңкір мен Ис мүңкімесіннің зардабы. Одан арылу үшін, Ис аңқымасының құпиясын танып білуіміз қажет. Ол құпияны қассақтың Аңқыр тілі ғана бастан-аяқ түгел кемелдеп тұрады, [3] делінген.

Мұндағы автордың айтпағы, бүгінгі әлемді жайлап бара жатқан жаманшылықтан арылу үшін төл тіліміздің табиғатына үңіліп танып -білуіміз керек. Өйткені қазақ тілі өзінің болмысындай таза, оның сырына теренірек бойласак, біздің рухани тірегіміз болады - дегенге саяды. Одан әрі «Тіліміз - Тағдырымыз» екендігі рас болса, тілдің жерін деген жалғыз ауыз сөзіне тоқталайықшы» - дейді. Міне, мақалада осы «Жері» сөзінің қазақ тілінің тағдырына, қазіргі қоғамға қатысты философиясына тоқтала келіп, өз ана тілін үйренуге, қастерлеуге, оның күдіретін тануға еш құлқы жоқ ұрпақты - бүгінгі руханиятымыздың қас дұшпандары, сондықтан да ұлт әдебиетінен, салт-дәстүрінен барған сайын алшақтай түскендігін айтады.

Бұдан шығар қорытынды: «Әр ұлттың өзіне тән болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде де, қандай жағдайда болмасын белгілі бір географиялық ортада көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады. Ал тарихтың барлық өмір-тіршілігі ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен сол халықтың өз тілінен өрнегін табады да ол асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады» [1].

Осылайша тіл өмірі мен сол тілді сөйлеуші қауымның өмірі өзара астарлас,

бірінсіз бірінін күні жоқ тығыз байланысты дүние деп карасак, алдымен адамды рухани апаттан қорғау керек. Ал оның біл жолы - тілді дамыту, қорғау болмақ.

«Жас Алаштағы», «Ана тіліміз - автопортретіміз» - деген мақалада: «Қазіргі келеңсіз екі түйткілге көңіл аударғым келеді. Біреуі қара орыстар. Мемлекеттік тілге, батырлық тарихымызға, бай өнерімізге, ізгі салт-дәстүрімізге мұрнын шүйіре меісінбей қарайтындар, жанашырлық таптырмайтын безбүйректер міне солар. Қара орыстық - тар өрістікі. Екіншісі: ұлтсыздық сезім құнсыздық өзім ғана емес - сормаңдайлық, өзіне өзің торжайғандық. Осы екі жайт бойынша батыра жазуымыз керек» - деп пікір қорытты.

«Жас Алаш» газеті мемлекеттік тілді өрістету мақсағында келелі проблемалар қозғаумен қағар тілді - тіл ететін тетікті көппен бірге іздестірді.

Мәселен, «Қайтсек қазақ тілін қажет ете аламыз», «Тіл төркіні терең ой», «Тілді тұғырлы ету - маған, саған, бәрімізге сын» т.б. мақалаларды атауға болады.

«Жас Алаш» газетінің позициясы әшейінгі тіл мәселесін насихаттау емес, нақты шешім қабылдауға, көздеген мақсатына жетуге тырысқандығымен дараланады.

Газет бетінен жарық көрген қазақ баспасөзінің таралымының аздығы, кітап дүкеніндегі кітаптар латын алфавитіне көшу жайлы пікірлер т.б. көтеріліп жүрген мақалалардың қай-қайсысының болмасын көздеген нысаны «Тіл халықтың – жаны, рухы»- деген тұжырым.

Тіл құрыса, халық та жер бетінен жоғалатындығын, адамзат тарихындағы көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі дәлелдеп отыр. «Тіл тағдыры - ел тағдыры»- деген қапатты сөздің жиі қайталануы сондықтан. Әрине, тіліміздің тағдыры үшін күресте «Жас Алашта» ел басылымдары бірге қам-қаракетсіз болған емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Анытп-ардағым. А., Қазақстан, 1990, 156.
2. Амандосов Т. Қазақ совет баспасөзінің жанырлары. -А : Мектеп, 1958. -102 б.
3. Әбдікәкім Т. Мүнкір заманның жұпар тілі. //Жас алаш. 1998. - 4. -04.
4. Оразалин С. Ел тағдыры-жер тағдыры. -А.: Қаржы-қаражат. 1997. -60б.
5. Илиясова Т. Қазақстан қазақ үшін жалғыз ұл. //Жас алаш. 14-қаңтар 1999.